

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АКҚӨЛ АУДАНАРАЛЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
**ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ**
2021 ж. «15» 01
090 840 014 282
(бизнес-сәйкестендіру нөмірі)
Алғашқы тіркелген күні 25.08.2009

Ақмола облысы әкімдігінің
2021 жылғы 5 қаңтардағы
№ А-1/2 қаулысымен
бекітілген



«Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша
білім бөлімі Степногорск қаласының кешкі мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ



1. Жалпы ережелер

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі Степногорск қаласының кешкі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңды тұлға мәртебесін алған, мекеме нысанындағы ұйымдастыру-құқықтық функцияларын жүзеге асыруқұрылған коммерциялық емес ұйым болып табылады.
2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.
3. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Заңдарына, Президент пен Үкіметтің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және осы Жарғының негізінде жүзеге асырады.
4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы: Ақмола облысының әкімдігі болып табылады.
5. «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган болып табылады (бұдан әрі-сәйкес саладағы уәкілетті орган).
6. Мемлекеттік мекеменің атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі Степногорск қаласының кешкі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
7. Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы: 021501 индексі , Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Степногорск қаласы, 1-шағын аудан, № 57 ғимарат.

2. Мемлекеттік мекемесінің заңдық мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің қаржылық мәселелерді шешуде дербестігі жоқ. Барлық қаржылық мәселелерді Ақмола облысы, Степногорск қаласы білім бөлімінің орталықтандырылған бухгалтериясы шешеді. Мемлекеттік мекеменің

мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы жазылған мөрі мен мөртаңбалары болады.

9. Мемлекеттік мекемесі басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда.

10. Мемлекеттік мекемесі өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшаға жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

11. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

3. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні Қазақстан Республикасының азаматтарын жеке тұлға, қоғам, мемлекет мүддесінде оқыту және тәрбиелеу болып табылады. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының кез келген жастағы (жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін) азаматтарын оқытуды және тәрбиелеуді қамтамасыз етеді, өзекті білім беру проблемаларын шешуге бағытталған зерттеу қызметін жүзеге асырады, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шегінде мемлекет кепілдік берген құқық пен тегін жалпы орта білім алуға мүмкіндік береді.

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты::

- 1) жалпы білім беру бағдарламалары мазмұнының міндетті минимумын меңгеру негізінде оқушылардың жалпы ғылыми және жалпы мәдени дайындығын қалыптастыру;
- 2) оқушылардың қоғамдағы өмірге әлеуметтік бейімделуі;
- 3) болашақ мамандық пен еңбек қызметін саналы түрде таңдау және меңгеру үшін негіз жасау;
- 4) азаматтыққа және қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу.

14. Өз мақсаттарына қол жеткізу үшін мемлекеттік мекеме мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) жалпы оқыту;
- 2) білім беру процесінің үздіксіздігі;
- 3) оқыту тілі-қазақ, орыс;
- 4) мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру;
- 5) мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз етеді;
- 6) білім беру объектісінің терроризмге қарсы қорғалуы жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз етеді;

15. Мемлекеттік мекеменің білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым - қатынасын ресімдеу тәртібі, Мемлекеттік мекемеге қабылдау тәртібі:

- мемлекеттік мекеменің білім беру процесінің қатысушылары білім алушылар, педагог қызметкерлер, білім алушылардың ата-аналары (оларды алмастыратын тұлғалар) болып табылады.

- азаматтардың жалпы орта білім алу құқықтарының сақталуына мемлекеттік мекеменің директоры жауап береді.

- оқушыларды мемлекеттік мекемеге қабылдау кезінде басшылық ата-аналарды немесе өзге де заңды өкілдерді Жарғымен, білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиямен таныстыруға міндетті.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға;

3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;

4) өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай қосымша білім беру қызметтерін, білімдерді ақылы негізде алуға;

5) білім беру ұйымдарын басқаруға қатысуға;

6) қайта қабылдануға және бір оқу орнынан басқасына, бір мамандықтан немесе жоғары білімнің білім беру бағдарламасынан басқасына, ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға немесе оқудың бір нысанынан басқасына ауысуға;

7) білім беру ұйымдарында, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін қолжетімді нысанда ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен, оның ішінде мүгедектер, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін дайындалған оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;

8) спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптарын және кітапхананы тегін пайдалануға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы жағдай туралы ақпарат алуға;

10) өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіруге;

11) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

12) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға құқығы бар.

1. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің:

1) баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымын таңдауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;

4) өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардан консультациялық көмек алуға;

5) балаларының шарттық негізде қосымша қызмет көрсетулер алуына құқығы бар.

2. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер:

1) балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) балаларды одан әрі жалпы білім беретін мектепке беруді айқындай отырып, мектеп алды даярлығын қамтамасыз етуге;

3) білім беру ұйымының жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;

4) балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге;

5) білім беру ұйымы жұмыскерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

16. Мемлекеттік мекеменің персоналын жасақтау тәртібі басқару органының тиісті нормативтік құжаттарымен регламенттеледі:

- мемлекеттік мекемеде педагогикалық қызметпен (оқыту және тәрбиелеу) айналысу құқығына білімі туралы құжаттармен расталған, мамандығы бойынша біліктілік сипаттамасының талаптарына сәйкес келетін тиісті кәсіптік білімі мен біліктілігі бар азаматтар ие болады.

- тиісті кәсіптік білімі жоқ азаматтарға мемлекеттік мекемеде қажетті мамандар болмаған жағдайда және кәсіптік білім педагогикалық мамандықтарға теңестірілсе ғана педагогикалық қызметпен айналысуға құқық берілуі мүмкін.

- педагогикалық қызметке сот үкімі бойынша немесе медициналық көрсеткіштер бойынша тыйым салынған адамдар жіберілмейді.

- кәсіби педагогикалық қызметпен айналысатын адамдар біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан атқаратын лауазымына сәйкес келмеген жағдайда, сондай-ақ Педагогикалық қызметті жалғастырумен сыйыспайтын құқыққа қарсы әрекеттер жасаған жағдайда олар атқаратын лауазымынан босатылады.

Педагогикалық қызметкердің құқықтары

1. Кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде педагогтің:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды адамдар және басқа да тұлғалар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғалуға;

3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қаралуына және тиісінше мінез-құлық көрсетілуіне;

4) кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге және қажетті жағдайлардың жасалуына;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің оқу құралдарын, материалдарын және өзге де құралдарын таңдауға;

8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, білім беру қызметінің әдістемелік материалдары мен өзге де құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

9) жұмыс орны бойынша сайланбалы лауазымға сайлануға және оны атқаруға;

10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

12) бес жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруға;

13) үздіксіз кәсіптік дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;

14) біліктілік санатының мерзімінен бұрын берілуіне;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогтік қызметке;

16) кәсіптік қызметіндегі табыстары үшін көтермеленуге;

17) "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын сақтап-тұру және арттыру үшін "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;

19) өзіне қатысты қабылданатын ұйым басшысының актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым жасауға;

20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне құқығы;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

2. Педагогтің осы баптың 1-тармағында көзделген құқықтарын жүзеге асыру басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға тиіс.

Педагог қызметкердің міндеттері.

1. Педагог:

1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді меңгеруге;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;

3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыруға (растауға);

4) педагогтік әдепті сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) білім беру ұйымының басшылығына өмірлік қиын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;

10) құқық қорғау органдарына және білім беру ұйымының басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне консультация беруге міндетті.

2. Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшіндігін насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына

және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға құқылы емес.

17. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жалпы білім беру бағдарламасы 2 сатыдан тұрады:

II саты: негізгі жалпы білім беру,

III саты: жалпы орта білім беру.

1) Негізгі және орта (Толық) жалпы білім беру бағдарламаларын игеру Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылатын бітірушілерді міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

2) білім беру бағдарламаларын толық көлемде меңгерген білім алушылар келесі сыныпқа ауыстырылады. Мектеп оқушыларын ауыстыру, аттестаттау және бітіру тәртібі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен нұсқаулықпен айқындалады.

3) әрбір сыныптағы пәндік оқу-тәрбие процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған, мұғалімнің өзі әзірлеген және мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келетін оқу және күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар негізінде құрылады.

4) мектеп оқушылардың жалпы білім беру бағдарламаларын немесе олардың жеке бөлімдерін өз бетінше білім алуы немесе экстернат нысанында меңгеруі үшін жағдай жасауға көмек көрсетеді және жәрдемдеседі.

5) мектеп оқушылардың тұратын жеріне, ауданына және әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, білім беруге жататын азаматтарды толық қамтуға шаралар қабылдайды.

6) сыныптардағы оқушылар саны Қазақстан Республикасының жалпы білім беру мекемесі туралы ережеге және жергілікті басқару органдарының шешіміне сәйкес белгіленеді.

7) мектептің құжаттамасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен үлгі нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі. Жалпы білім беру мекемесінің есептілігі көрсетілген нұсқаулықтың және мемлекеттік статистика органдарының талаптарына сәйкес ұсынылады.

8) мектеп жасөспірімдерді жұмыспен қамтуды, еңбек заңнамасына сәйкес каникул кезеңінде олар үшін жеңіл еңбек бойынша уақытша жұмыс орындарын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Білім алушылардың білімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізу нысандары мен тәртібі:

1) аралық аттестаттауды өткізу нысаны, тәртібі және көшіру емтихандары директор бекітетін жылдық, оқу күнтізбелік Кестемен белгіленеді.

2) мектептің педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша қосымша көшіру емтиханы енгізілуі мүмкін.

3) мектепте негізгі жалпы және орта (Толық) білімнің жалпы білім беру бағдарламаларын игеру Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпы білім беру мекемелерінің бітірушілерін қорытынды аттестаттау туралы Ережеге сәйкес жүргізілетін мемлекеттік мектеп бітірушілерін қорытынды аттестаттаумен аяқталады. Аттестаттаудан сәтті өткен бітірушілерге негізгі

мектепті бітіргені туралы аттестаттар, белгіленген үлгідегі мекеменің мөрімен расталған орта білім туралы аттестаттар, ал өтпегендерге – тыңдалған курстар туралы анықтама беріледі.

4) оқу жылының бағдарламасын табысты меңгерген, көшіру емтихандарын немесе қорытынды емтихандарды сәтті тапсырған оқушылар мектептің педагогикалық кеңесінің ұсынысы бойынша директордың бұйрығымен келесі сыныпқа ауыстырылады.

5) негізгі орта білім беру сатысында екі немесе одан да көп пән бойынша оқу жылының бағдарламасын меңгермеген білім алушылар ата-аналарының (заңды өкілдерінің) қалауы бойынша қайта оқуға қалдырылады;

6) білім алушыны кез келген жағдайда ауыстыру мектептің педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

18. Мемлекеттік мекеме осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға құқылы емес.

19. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен нақты шектелген қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәміле тиісті саланың уәкілетті органының, Степногорск қаласы әкімдігінің мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органының, прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Мемлекеттік мекемені басқару

20. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталған салаға сай өкілетті орган мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды жүзеге асырады.

21. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекемесінің мүлігін бекітіп береді;

2) мемлекеттік мекеме жарғысын (ережесін) бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату бойынша шешім қабылдайды;

4) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік мекемесіне берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуді жүзеге асырды;

22. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекемесінің қаржыландыру жоспарын бекітеді;

2) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылуы тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

4) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымдық қызметінен босату негізін анықтайды;

5) мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;

6) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

7) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік мекемесіне берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісім береді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

23. Мемлекеттік мекемесінің басшысын салаға сәйкес уәкілетті орган қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

24. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

25. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

26. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

27. Мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) мемлекеттік мекемеге жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу және жазалау шараларын қолданады;

10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;

11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органы жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

28. Мемлекеттік мекемесінің мүлкін заңды тұлғаның активтері құрайды, алардың құны оның балансында көрсетіледі. Мемлекеттік мекемесінің мүлкі:

- 1) меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

29. Мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

30. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекемесіне кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған ақша тиісті бюджетке есептелуге жатады.

31. Мемлекеттік мекемесінің қызметін, егер қосымша қаржыландыру көзі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленбесе, сәйкес саланың уәкілетті органы бюджеттен қаржыландырады.

32. Мемлекеттік мекемесінің қаржы – шаруашылық қызметін тексеру және ревизиялау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сәйкес саланың уәкілетті органымен жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

33. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

34. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

8. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

35. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

36. Мемлекеттік мекеме заңнамалық актілерде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылады.

37. Таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

38. Мемлекеттік мекеменің таратылған мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне қатыстырады.

9. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

39. Мемлекеттік мекемесінің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Басшы

Ташенбаева Ш.С.
Т.А.Ә.



ҚОЛЫ

Нөмүрленді, бауланган жана
мөрмен бекітілді/
Пронумеровано, пропінуровано и
скреплено печатью
23 парак/листа

